

2025 жылдың 8–12 желтоқсан аралығында мектебімізде тарих пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен «Ұлт тарихы – ұрпаққа аманат» атты тарих апталығы өткізілді.

Апталықтың негізгі мақсаты – оқушылардың отансүйгіштік сезімін арттыру, Тәуелсіз Қазақстанның тарихын терең меңгерту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және тарихи сананы қалыптастыру.

Іс-шаралар жоспарына сәйкес апталықтың ашылуында «Тәуелсіздікті ту еткен 34 жыл» атты тарихи-музыкалық монтаж ұйымдастырылды. Апта барысында оқушыларға арналған бейнебаян көрсетілімдері, суреттер көрмесі, тарихи эссе жазу, интеллектуалдық сайыс, өнеге сағаты және «Kazakh Quiz» тарихи ойыны өткізілді.

КЕМЕ (кәсібі ерекше мұғалімдер еңбегі) “Сапалы сабақ – нәтижелі білім кепілі” тақырыбында “Әдістемелік лайфхак” кеңесу–әдістемелік сессиясы болып өтті.

Мақсаты: педагогтердің кәсіби өсуіне қолдау көрсету, тәжірибе алмасу, әдістемелік лайфхактармен бөлісу арқылы оқу тиімділігін арттыру. Тренинг–сессияны тарих пәні мұғалімі педагог-зерттеуші Алтайқызы Рита мен педагог Енбаева Эльмира өткізді. Тренинг–сессия барысында «Kahoot» платформасымен таныстырып, сабақта тиімді қолданудың жолдары көрсетіліп, педагогтермен нақты іс-тәжірибелер ортаға салынды. Тәжірибелік бөлімінде мұғалімдер kahoot.it сайтына телефоны арқылы кіріп, «Тәуелсіздік» тақырыбында 15 сұрақтық викторина ойнады.

Апталық соңында белсенді қатысқан оқушылар марапатталып, іс-шара қорытындыланды.

Тарих апталығы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, тарихи танымын кеңейтуге үлкен үлес қосты.